



Құдабаев Шафкат Серікұлы

Басқарма төрағасының орынбасары

Туған күні: 1980 жыл 28 қазан

Білімі

- Қарағанды бизнес, басқару және құқық университеті, мамандығы «құқықтану», біліктілігі «заңгер»
- Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, мамандығы «қаржы және кредит»
- И.М.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университеті, Халықаралық бизнес мектебі, «мұнай-газ бизнесін басқару» MBA, «іскерлік әкімшілеу магистрі»
- Ресей Федерациясының президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, мамандығы «салық құқығы және салық салу»

Жұмыс тәжірибесі

- Еңбек жолын 2001 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің шағым-талап жұмысы бөлімінің жетекші маманы болып бастады.
- 2002 жылдан 2008 жылға дейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің бас маманы, талап-арыз жұмысы бөлімінің бастығы, халықаралық салық салу басқармасы бастығының орынбасары, заң басқармасының бастығы болып жұмыс істеген.

- 2008 жылдан 2020 жылға дейін — Қарағанды облысы бойынша Салық департаментінің бастығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің мамандандырылған басқармасының басшысы.
- 2020-2021 жылдары «BTS Digital Ventures Fund» ЖМ салық мәселелері бойынша сарапшы қызметін атқарды.
- 2021-2022 жылдары — «KAZENERGY» мұнай-газ және энергетика ұйымдары ЗТБ фискалдық реттеу департаментінің атқарушы директоры.
- 2022-2024 жылдары — Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің жер қойнауын пайдалану департаментінің директоры.
- 2024-2025 жылдары — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының бизнес-серіктесі.
- 2025 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәміле жасамаған.

Басқарманың 2025 жылы атқарған жұмысы туралы есеп

Басқарма қызметі Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңында, ҚМГ Жарғысында және Басқарма туралы ережеде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында регламенттелген. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және ҚМГ Жарғысымен Компанияның басқа да органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған компания қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы. ҚМГ Басқармасын Акционерлердің жалпы жиналысы тағайындайтын (сайлайтын) Басқарманың төрағасы басқарады. Өз кезегінде, Басқарманың қалған мүшелерін тағайындау ҚМГ Директорлар кеңесінің құзыретіне кіреді.

Басқарма құзыретінің аса маңызды мәселелеріне келесілер жатады:


- ҚМГ Даму стратегиясы мен Даму жоспарын іске асыру;
- бизнес-жоспарды орындауды және инвестициялық жобаларды іске асыруды қоса алғанда, компанияның ағымдағы қаржы шаруашылық қызметін жүзеге асыру;
- ҚМГ мен ЕТҰ-ның тұрақты дамуы бойынша іс-шараларды іске асыру;
- мүдделер қақтығысы мен корпоративтік қақтығыстарды реттеуге қатысу және олардың мониторингін жүргізу;
- Жарғыда Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, ҚМГ ЕТҰ қызметіне қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;
- ҚМГ міндеттемелерін ұлғайту және материалдық шегіне сәйкес мүлкті сатып алу немесе иеліктен шығару.

ҚМГ Басқармасын Директорлар кеңесі Басқарма төрағасының ұсыныстары негізінде қалыптастырады. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басқарма құрамына ҚМГ-ның тоғыз негізгі басшысы кірді. Басқарма отырыстары күндізгі және сырттай нысандарда өткізіліп, қажеттілігіне қарай шақырылады.

2025 жылы ҚМГ Басқармасы күндізгі отырыстарда 527 шешім (100 %) қабылдады. Атқарушы органның 53 отырысының хаттамасы рәсімделді.

2025 жылы қабылданған күндізгі шешімдердің жалпы санынан 147 мәселе белгіленген тәртіппен ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына шығарылды.

ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер



- 85 — Ішкі құжаттар
- 23 — Мүдде бар мәмілелер
- 14 — Сомасы 200 млн доллардан асатын мәмілелер бойынша шешімдер
- 13 — Ішкі қызмет бойынша есеп
- 6 — ЕТҰ-да АЖЖ ұйымының шешімі
- 6 — СҚ корпоративтік стандартына сәйкес инвестициялық қызмет бойынша мәселелер

ҚМГ Басқармасы 2025 жыл ішінде

527 шешім қабылдады

Атқарушы орган отырыстарының

53 хаттамасы рәсімделді

Олардың ішінде 85 мәселе мынадай бағыттарға қатысты болды:

- қолданыстағы ішкі құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе жаңа құжаттардың жобаларын қарау, сондай-ақ ҚМГ тарапынан «Самұрық-Қазына» АҚ-на облигациялық қарыз беру;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2024 жылға арналған шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- «Жылыой» жобасы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен CNOOC HONG KONG HOLDING LIMITED арасында бірлескен қызмет туралы келісім және Жылыой жер қойнауы учаскесінде күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарт жасасу;

- «Березовский» жобасы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен Sinopec International Energy Investment Holdings Netherlands B.V. арасында бірлескен қызмет туралы келісім және Березовский жер қойнауы учаскесінде көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарт жасасу;
- макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгерістерін ескере отырып, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2025–2029 және 2026–2030 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспарларын бекіту;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өндірістік процестеріне жасанды интеллект негізіндегі практикалық шешімдерді енгізу жөніндегі жол картасын бекіту;
- «Ak Su KMG» ЖШС-нің «Кендірлі» тұщыландыру зауыты» ЖШС жарғылық капиталындағы 100 % үлесін Маңғыстау облысының коммуналдық меншігіне өтеусіз беру және басқа да мәселелер.

Директорлар кеңесінің өкілеттіктеріне сәйкес, ҚМГ Басқармасы еншілес және тәуелді ұйымдардың акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын мәселелер бойынша алты шешім бастамашы болды. Олар келесі компаниялардың қызметіне қатысты:

- «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС (3);
- «ҚМГ-Қарашығанақ» ЖШС (1);
- «ҚазТрансОйл» АҚ (1);
- «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС (1).

Есепті кезеңде Басқарма ҚМГ-ның мүдделілік бар мәмілелерін жасасуға қатысты 23 мәселені Директорлар кеңесінің қарауына ұсынды.

2025 жылы ҚМГ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының құны ағымдағы кезеңдегі макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамына (базалық сценарий) сәйкес теңгемен 200 000 000 АҚШ долларынан асатын инвестициялық жобалары мен мәмілелерін келісу туралы 14 мәселе Директорлар кеңесінің қарауына шығарылды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 17 наурыздағы №09/20 хаттамасымен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ және оның дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50 %-дан астамына тікелей немесе жанама түрде иелік ететін заңды тұлғалардың инвестициялық қызметінің корпоративтік стандартына» сәйкес: бір мәселе «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Инвестициялық-стратегиялық комитетінің отырысына енгізу үшін қаралды.


Сонымен қатар Басқарма Директорлар кеңесінің қарауына 13 есепті мақұлдап ұсынды, оның ішінде:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2022–2031 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру туралы 2024 жылғы есеп;
- 2024 жылдың IV тоқсанында Басқарма шешімімен жасалған мүдделілік бар мәмілелер туралы есеп;
- 2024 жылдың IV тоқсаны бойынша негізгі тәуекелдер туралы есеп;
- 2025 жылдың I, II және III тоқсандарында жасалған мүдделілік бар мәмілелер туралы есеп;
- 2024 жылға арналған тұрақты даму туралы есеп;
- 2024–2028 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспарын іске асыру туралы 2024 жылғы есеп;
- 2022–2031 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру туралы 2025 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша есеп;
- 2025 жылдың I (екі рет), II және III тоқсандары бойынша негізгі тәуекелдер туралы есеп.


«Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелер жасау қағидаларына сәйкес, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен ерекше талаптар белгіленген мәмілелер бойынша 2025 жылы ҚМГ Басқармасы мүдделілік бар мәмілелерге қатысты 59 шешім қабылдады.

Еншілес және тәуелді ұйымдардың акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын мәселелер шеңберінде ҚМГ-ның ұстанымын айқындау және ҚМГ уәкілетті өкілдерінің жалпы жиналыстарда дауыс беруі үшін Басқарма 12 шешім қабылдады:

Акционер/ сенімгерлік басқару құрылтайшысы ретінде 12 шешім



Қатысушы / жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің сенімгерлік басқарушысы ретіндегі ҚМГ-ның ұстанымын айқындау бойынша 121 шешім:



Сонымен қатар Басқарма ҚМГ-ның еншілес ұйымдарының барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін жалғыз акционер / тұлға ретінде 18 шешім қабылдады.

KMG International N.V.	7
Dunga Operating GmbH	4
«Өзенмұнайгаз» АҚ	4
«Ембімұнайгаз» АҚ	2
TH KazMunaiGaz B.V.	1

ҚМГ Басқармасының 165 шешімі – бұл ҚМГ-ның еншілес ұйымдарының Жалғыз қатысушысы / Жалғыз құрылтайшысы / барлық қатысу үлестеріне иелік ететін тұлға ретінде қабылданған шешімдері

«KMG PetroChem» ЖШС	16
«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС	10
«ҚМГ-Күмкел» ЖШС	9
«KMG Drilling & Services» ЖШС	9
«Oil Services Company» ЖШС	8
«Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС	8
«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС	7
«Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС	7
«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС	7
«ӨзенМұнайСервис» ЖШС	6
«Oil Construction Company» ЖШС	6
«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС	6
«Су өндіру және тасымалдау басқармасы» ЖШС	6
«KMG Green Energy» ЖШС	6
«KMG Systems & Services» ЖШС	6
«Мұнайтелеком» ЖШС	5
«Өріктау Оперейтинг» ЖШС	5
«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС	5
«KMG-Security» ЖШС	5
«Құрманғазы Петролеум» ЖШС	4
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС	4
«ҚазМұнайТеңіз» ТМК» ЖШС	4
«ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС	3
«KMG EP-Catering» ЖШС	3
«KMG Barlau» ЖШС	3
«ҚМГ-Қарашығанақ» ЖШС	3
«ҚазМұнайГаз-Сервис» ЖШС	2
«Bolashak Operating» ЖШС	1
«Полимер Продакшн» ЖШС	1

Есепті кезеңде ҚМГ Басқармасы ҚМГ-ның меншікті капиталының 10 % дейінгі мөлшердегі мәмілелерге қатысты 13 шешім қабылдады.

«Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдардың қайырымдылық көмекті (қайырымдылық жобаларды) жоспарлау, қарау және алдын ала мақұлдау қағидаларына сәйкес (2022 жылғы 30 маусымдағы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының №36/22 хаттамасымен бекітілген), ҚМГ Басқармасы қайырымдылық көмек көрсету туралы үш шешім қабылдады. Бұл көмектер «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қорына, «Алаш арманы» қоғамдық қорына және «ULAN PLUS» қоғамдық қорына көрсетілді.

2025 жылы ҚМГ Басқармасының шешімдерімен мынадай құжаттар да бекітілді:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарға қатысты дивидендтік саясаты;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының жастар саясаты;
- алты регламент;
- 15 қағида;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның штаттық кестесі және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Ақтау қаласындағы өкілдігінің штаттық кестесі;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары;

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2025-2029 жылдарға арналған түзетілген бизнес-жоспары (төрт рет);
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2025 жылға арналған түзетілген бюджеті (жеті рет);
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2026–2030 жылдарға арналған бизнес-жоспары;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2026 жылға арналған бюджеті;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2026 жылға арналған жұмыс жоспары;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның басқарушы және әкімшілік персоналының, сондай-ақ Ақтау қаласындағы өкілдік қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының схемасы;
- ҚМГ компаниялар тобына кіретін кейбір ұйымдар үшін 2025 жылға арналған базалық тарифтік мөлшерлеме және басқа да мәселелер.

Сонымен қатар 27 шешіммен ҚМГ-ның жеке-леген ішкі құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұдан бөлек, ҚМГ Басқармасы 2025 жылға арналған ҚМГ бюджеті қаражатын қайта бөлуге қатысты алты шешім қабылдады.

Сыйақы туралы есеп

Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшері ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді және тәуелсіз директорлар мен «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдеріне төленеді. Сыйақы белгіленген және Компания қызметінің ауқымын, міндеттерін және стратегиялық мақсаттарын ескере отырып айқындалады.

Сыйақыны қалыптастыру әдістемесі ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы белгілеу тәртібін көздейді және «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының директорлар кеңестері мен байқау кеңестері құрамдарын қалыптастыру жөніндегі қағидаларға сәйкес келеді. Бұл тәсіл білікті мамандарды тартуға және оларды ұстап қалуға бағытталған. 2025 жылы ҚМГ сыйақы мөлшерін айқындау үшін сыртқы консультанттарды тартқан жоқ.

Есепті кезең (тоқсан) үшін белгіленген сыйақыны алу үшін негізгі шарт – ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі ҚМГ Директорлар кеңесінің өткізілген барлық отырыстарының (сырттай және ішкі) жартысынан көбіне қатысуы, ауру себепті жіберілген жағдайларды қоспағанда. Осы талап орындалмаған жағдайда, тиісті кезең үшін сыйақы төленбейді.

Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті сыйақы мәселелерін қажеттілігіне қарай, соның ішінде Директорлар кеңесінің тиімділігін бағалау аясында қарастырады.

2025 жылы ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері тарапынан өздеріне тиесілі сыйақыдан бас тарту жағдайлары, сондай-ақ болашақта сыйақыдан бас тартуға қатысты қандай да бір келісімдер болған жоқ.